

Жұлдыз

# Қанатын қыран ұшар еркін керіп



«Соғыстан соң туғандар» антологиясы

**Серікбай Оспанов**

**Тәуелсіздік**

Қара перде түріліп,  
Дала,  
Қала нұр құшты.  
Жанарларда жүр үміт,  
Шаңырақтан күн түсті.

Ел көшірген кешегі  
Қара дауыл басылған.  
Саумал самал еседі,  
Қырға сәуле шашылған.

Тауды құрсап алатын  
Көрінбейді бүгін қар.  
Құстар жайып қанатын,  
Құйғытады құлындар.

Сейіліпті ел мұңы,  
Жаңбыр құйып өтіпті.  
Қоршаудағы кер бұғы  
Қарғып шығып кетіпті!

Жадыраған бар маңай,  
Мөлдірейді көл қалай?!  
Жайраңдаған баланы-ай,  
Тайраңдаған ботаны-ай!

Тыймай кәусәр күлкісін,  
Еркін ақты бұлақ та.  
Өзгертіпті түр-түсін,  
Құлпырып ой,  
Қырат та!

Қаңғып жүрген қаңбақты  
Кетті ме екен дауыл ап?!  
Қойшы мінген  
Қалмапты  
Ауылда бір жауыр ат.

Киіз үйлер тігіліп,  
Төкті ақындар жыр бүгін.  
Шаттық әнмен түріліп,  
Желпілдейді түндігім!

Жерде гүлдер билеген,  
Аспанда ойнап ақша бұлт.  
Той киімін кимеген  
Неге бізден басқа жұрт?!

Бүгін кәрі жасарып,  
Жалыны өршіп жастардың,  
Қас дұшпанға қасарып,  
Қан майданды ашқан күн.

Тас қамалдан құтылып,  
Бағым асып жанған күн.  
Хас қыранның сыпырып  
Томағасын алған күн.

Дұшпандарым қайғырып,  
Ойдағымыз болған күн.  
Арқасына сәйгүлік  
Батырларым қонған күн.

Еріп мұзы асқардың,  
Асулардан асқан күн.  
Дұшпан мысын басқан күн,  
Өзендерім тасқан күн,  
Империя сасқан күн,  
Күнім шуақ шашқан күн.  
Жиырма жыл  
Түскелі  
Шаңырақтан нұрлы күн.  
Тарқап шері іштегі,  
Атам күліп жүр бүгін.

Алғыс айтып «күштіге»,  
Анам күліп жүр бүгін.  
Бабам аунап түсті ме,  
Кестік сәби кіндігін.

Жиырма жыл жолым кең,  
Жиырма жыл таңым – құт.  
Қазақы көл-көңілмен  
Жер-жиһанға танылдық!

Шам-шырақтар жағылып,  
Үлгі болдык басқаға!  
Алматы нұр жамылып,  
Арай құшты Астана!

Жиырма жыл  
Тағына  
Отырғалы Еркіндік.  
Бақ қосылды бағыма,  
Серіппедей серпілдік!

Ұзақ етсін ғұмырын,  
Ол – арқауы жыр-әннің!  
Тәуелсіздік – тұғырым,  
Биікке ұшқан қыранмын!

## Өр Алтай

Құсыңды бер, ұшқышым, Шығысыма!  
Сәлем берем Алтайда туысыма.  
Шығысыма, тарт менің ырысыма!  
Сірә да, Клондайк, Аляскалар  
Толар ма екен Алтайдың уысына?!  
М.Мақатаев  
Алты Алаштың арманы,  
ардағы, Алтай,  
Бағы бүгін аспандап, жанған Алтай.  
Шынарлары Шығыстың  
– Зайсан, Күршім,  
Ұлан, Самар, Марқакөл, Тарбағатай...

Большенарым, Маралды... – бәрі-бәрі...  
Бір көрген жан көз жазса сағынады.  
Өр Алтайым, қойнауың қазыналы,  
Не іздесем де өзіңнен табылады!

Өзің жақтан, өр Алтай, күн шығады,  
Шуағынан мұң, ызғар тұншығады.  
Бар тіршілік оянып, қуат алып,  
Алғы күнге асығып, құлшынады!

Қамқор мекен жаралған жанға анадай,  
Кең төсіңе сурет салған арай.  
Сенде ғана ақ иық мекендеген,  
Сенде ғана өседі бал қарағай!

Жасыл орман,  
Жасыл көл,  
Жасыл дала,  
Жап-жасыл ну өскен тау басына да.  
Жағалауда су шайған мүкті-түкті  
Тіршілік бар құмында, тасында да!

Жасыл желек жамылып алған қала,  
Жетелейді шыңдарға, армандарға!  
Күн көзінен нәр жұтып, шағылысып,  
Жасыл сәуле ойнайды жанарларда.

Сіңіріпті бойыңа бәрін ғасыр,  
Тауың да сыр,  
Шертеді талың да сыр.  
Шабыт мініп,  
Күш алдым құшағыңнан,  
Мәңгі көктемге орандым,  
Жаным – жасыл.

Енді қалай қартайар, жаным жасыр,  
Қиял кетті шыңдарда салып асыр.  
Өр Алтайым, ақтарып құтыңды елге,  
Қазақ деген халықтың бағын асыр!

\*\*\*

Болып ынтық өзіңе,  
Аңқылдаған кезімде,  
Толып ыстық сезімге,  
Жарқылдаған көзімде  
Сен тұрғансың,  
Көрдің бе?!

Көңілім мен көңілің  
Бір теңіз боп,  
Жарасып,  
Еріңе ерінім  
Қалған сәтте жанасып,  
Жанарымда, Елігім,  
Сен тұрғансың,  
Көрдің бе?!

Жұлдыз болдың жарқ етіп,  
Төмен ағып,  
Құлаған.  
Бар өмірден сән кетіп,  
Салмай қойды бұлақ ән.

«Сен пәк едің күнәдән,  
Мен пәк едім күнәдән.  
Неге, неге болмадық  
Біз екеуміз бір адам?!»,-  
Деп күйініп жылағам.  
Көзім жасы домалап  
Жерге сонда құлаған.  
Бірақ, жаным, жүрсің сен  
Жанарымда дін аман.

Жанарыма бөленген  
Күнде сені көрем мен...

## Қос Жәнібек

Өмір-ай!  
Өмір неткен азап едің,  
Келеді кейде сені «жаза» дегім!  
Көре алмай кетті аталар,  
Арманы еді  
Біртұтас көрсем деген қазақ елін.

Дәл бүгін қуанышта қала, далам,  
Жасадық сол арманға жаңа қадам.  
Жеткенше ұлы мақсат шетіне біз,  
Басты ғой қызыл шоқты кара табан!

Кезіміз шамалы ғой мәпе көрген,  
Ел болдық соңына сөз, қатер ерген.  
Айырылдық «Арым» деген қаншама біз  
Бабалар,  
Аталардан,  
Әкелерден?!

Елімнің қара көзге толмай белі,  
Жерімнің азып-тозды тоғай-көлі.  
Оңай ма, аштық, қастық?!  
Құтқармады  
Желі де желтоқсанның оңай мені!

Айырыла жаздап түрім, тілімнен де,  
Қараған заман болды дінім жерге.  
Жанарым жасаурады жазықсыздан,  
Бүгілмес жерде тізем бүгілгенде.

Қамалым қарауылға ілінгенде,  
Табаным тілінбеске тілінгенде,  
Бетімнен отым шығып опынушы ем,  
Бір діріл байқалатын үнімнен де...

Алқындық, айналаға алақтадық,  
Жеңілдік пайда болды, салмақ қалып.  
Көтерер алдында да қолымызды  
Көтердік біреулерге қарап барып.

Өтірік өлмес күндер жетті дедік,  
Көпіріп көбік сөзбен көк тіредік.  
Барды – жоқ,  
Жоқты – бар деп айқайлаумен,  
Тоқтадық тығырыққа кеп тіреліп...

Өмір-ай!  
Өмір неткен ғажап едің?!  
Көктемге,  
Қолым жетті-ау жазға менің!  
Қайтадан қаз-қаз басып кеттік бүгін,  
Ел болып жібермейтін жанға кегін!

Көңіл – гүл, болды сөзім қошталатын,  
Озып жүр бәйгелерден қосқан атым.  
Көк Туым желбіреді,  
Бетіндегі  
Қақтырып қыран – құстың қос қанатын.

Өзгерді!  
Бәрі де алда өзгереді,  
Оны да тірі болсақ көз көреді.  
Арылдық жалтақтаудан, шалқақтаудан,  
Болып тұр Елдің қазір өз дегені.

Қашанда ел қамал бұзар қосса білек,  
Туысқа, ашық болғай досқа жүрек!  
Жолатпай жоңғарлықты қуған кеше,  
Болған ғой тарихта қос Жәнібек.

\*\*\*

Шапқанын,  
Елге беріп тапқанын да,  
Жәнібек жүрген жан ғой ат жалында.  
Еліне Абақ Керей соқты бірде,  
Жорықтан қайтып келе жатқанында.

Ерлігі Жәнібектің мәлім еді,  
Керейдің ардақтады қалың елі.  
Алдырды ағайынды маңайдағы,  
Қуанып ат шаптырып әрлі-берлі.

Жері бай,  
Ішінде ел ен дәулеттің,  
Атағы жайылған бұл өр әулеттің.  
Босанып келіншегі ұлды болып,  
Үйінде той боп жатты Бердәулеттің.

Оранған кеше талай қалың өртке,  
Ауылдың бүгін күйі, әні көкте.  
Бердәулет той үстінде ырым етіп,  
Баланың қой деді атын Жәнібекке.

– Қазақтың қыспақта тұр халқы бүгін,  
Соғыссыз өткен емес жарты күнің.  
Қалмақтар жерімізге басып кірсе,  
Жігіт ең биіктетер бар тұғырың!

Сыйласаң – қазағымның салтын, мұның,  
Өзіме батыр болсын тартып ұлын,  
Берейін өз атымды ырымдасаң,  
Жәнібек – қабыл алсаң, аты мұның!

Ақынды, батырлы да арқалы ел ең,  
Азамат болып өссін атағы ерен.

Ағайын, қол жайындар қошеметтеп,  
Ұлыма батыр болсын, бата берем:

«Керей деген елің көп,  
Ел айналар шешен бол!  
Жағаласар жауың көп,  
Жауға шапсаң есер бол!  
Ел ішінде дауың көп,  
Жұрт алдында көсем бол!  
Жайылған жауды жапырып,  
Шайқасқанда есен бол!  
Жекеге шықсаң желденіп  
Жауыңның басын кесер бол!»

Құп алып, «Әумин!» десті бәрі көптің,  
– Мың алғыс, бала алдын жарық еттің!  
– Кем болмас Сізге тартса, ер боп өсер,  
Жорықта топты талай жарып өттің!

– Шындық қой маңымызда бары да өрттің,  
Соңыңа сөндірмек боп халық ерттің! –  
Десті жұрт,  
Батыр болды кейін бала,  
Айтқаны келіп Шақшақ Жәнібектің.

Бастады Ер Жәнібек қалың қолды,  
Шешендік, өн бойына дарын қонды.  
Әлде сол қиын-қыстау кезеңдегі  
Жиылған ел тілегі қабыл болды?

Ер туса қазақ айтқан ел бағы деп,  
Атанды халқы сүйіп Ер Жәнібек.  
Алланың, арқасында ақ ниеттің,  
Жеңіліп қара ниет, жеңді Әділет!

Жәнібек болып шықты ел қорғаны,  
Қағысса қалмақта оған тең болмады.  
Азат күн бабалардың арқасы ғой,  
Қазақтың өртенбесін енді орманы!

\*\*\*

Топты жарған шешен екен бабамыз,  
Көш бастаған көшелі екен бабамыз,  
Көп бастаған көсем екен бабамыз,  
Топ бастаған алмас екен бабамыз,  
Қанаттары талмас екен бабамыз.  
Қамал бұзған батыр екен бабамыз,  
Ақылгөй де, ақын екен бабамыз.  
Сол балалар ұрпағы біз емес пе ек,  
Біздер қашан биік қанат қағамыз?!  
Бүкіл қазақ құшақ болып жайылмай,  
Неге,  
Неге ұсақ болып барамыз?!



Ұлылықты ұғыныпты бабамыз,  
Жұдырықтай жұмылыпты бабамыз.  
Бір-біріне құшақ ашып қысында,  
Жылы сөзге жылыныпты бабамыз.  
Тізе қосқан бабалардың тұсында,  
Жер жасарып, кеңейіпті даламыз!  
Айтпақ сөзің тілдің жүреді ұшында...  
Таңданамыз,  
Таңдай ғана қағамыз.  
Көктем келді деп қуанып жатырмыз,  
Кеткен жерді қайта қалай аламыз?!  
Алты алашым – арқа басым, апыр-ау,  
Тірлік-бірлік!  
Қашан бірлік табамыз?!  
Бірге сөніп қала жаздап едік қой,  
Қашан бірге енді қайта жанамыз?!  
Көз көрді ғой,  
Өзгерді ғой Ту бүгін,  
Кінә болса, өткен-кеткен жуды күн.  
Үш жүз – жаным,  
Ағайынды алты Алаш,  
Бірігетін, кірігетін туды күн!

Егеменді Ел,  
Сенем енді, сүйіндім,  
Түзу шықсын түтіні әрбір үйіңнің!  
Баста бізді биіктерге-бақытқа,  
Бабалардың аруағына сиындым!

Тілектерді,  
Жүректерді жалын ет,  
Түнергенді,  
Жігерлерді жанып өт!  
Жол көрінді алдымызда бір даңғыл,  
Қолда елімді,  
Қос аруақ –  
Жәнібек!